

Металлургия – мемлекет индустриясын дамытушы мамандық

Қазақстан пайдалы қазбалардың орасан зор қорларына ие, мырыш, вольфрам және бариттің барланған қорлары бойынша әлемде бірінші, екінші - күміс, қорғасын және хромиттер, үшінші - мыс және флюорит, төртінші - молибден, бесінші - алтын. Қазақстан мыс, уран, титан, ферроқорытпалар мен болаттың әлемдік нарығында маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы металдардың негізгі кен орындары республиканың орталық, солтүстік және шығыс бөліктерінде шоғырланған. Мұнда алюминий, сынап, мыс, қалайы және басқа да түсті металдардың ең бай кен орындары орналасқан. Түркістан облысында полиметалл кендерінің кен орындары бар (Қаратау жотасының Оңтүстік-батыс беткейі, Кентау қ., Ачисай, Байжансай, Мирғалимсай кен орындары және т.б.).

Металлург маманы - тау жыныстарынан немесе металл өндіру саласында жұмыс істейтін, мемлекет эконо-

орындарды жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында білім беру және ғылыми қызметтің тығыз өзара іс-қимылын қамтамасыз етуде табысты жұмыс істеуде. Сондай-ақ 2009 жылы «Плазмохимиялық және электротермиялық процестер технологиясы» кафедрасы құрамында «Металлургия» мамандығы ашылды. Қазіргі уақытта кафедрада Металлургия бағыты бойынша 6 оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде 2 профессор, 1 техника ғылымдарының докторы, 2 техника ғылымдарының кандидаты және 1 магистр.

Бакалаврлар мен магистрлерді даярлау жұмыс берушілермен келісілген оқу жоспарлары бойынша жүргізіледі, олардың арасында «Феррум-Втор» ЖШС қара металлургияның ірі кәсіпорны бар. 2014 жылы кафедрада эксперименттік жоба ретінде Металлургия мамандығы бойынша «Феррум - Втор» ЖШС базасында 2019 жылы «Шымкент Темір» ЖШС базасында



бойынша магистранттар даярланады.

2018 жылы 6B07220 – Металлургия (бакалавриат) білім беру бағдарламасы бойынша, ал 2022 жылы 7M07222 – Металлургия (магистратура) мамандығы бойынша НҚАОҚО ұлттық аккредитациясынан сәтті өтті.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен бітіруші курс студенттерінің көпшілігі айналысады. Студенттер республикалық ғылыми жұмыстар конкурсына және пәндік олимпиадаға қатысады.

Кафедраның соңғы 10 жылдағы ғылыми жұмысының қорытындысы бойынша 400-ден астам ғылыми еңбектері, оның ішінде 12 монография, 11 патент және авторлық куәліктер жарияланды. Жоғары рейтингті журналдарда 50 мақала жарияланды, оның ішінде 20 импакт-факторы бар және Thomson Reuters, Scopus дерекқорына кіреді.

Табиғи және техногендік шикізатты кешенді өңдеудің тиімді технологияларын құру үшін «Силикаттар технологиялары және металлургия» кафедрасында биыл «Перспективалы металлургиялық технологиялар» ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды.

Оқуға ниет білдіргендердің барлығын: 6B072 – Өндірістік және өңдеу салалары, білім беру бағдарламаларының тобы: B071 - Тау - кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру, 6B07220 - «Металлургия» мамандығына шақырамыз.

Ғылым мен жоғары білім министрілігі 60 мыңға жуық гранттың 40 пайызын техникалық мамандықтарға бейімделген болса, нарық сұранысына сай гранттар үлесі көбейтілуде, яғни техникалық мамандықтарға грант саны 60 пайызға артады.

Демек мектеп бітіретін түлектер мамандық таңдарда технология саласын таңдаса, мемлекеттік грантты жеңіп алуға мүмкіндік мол.

Бакалаврларды даярлау «Металлургия» білім беру бағдарламасы бойынша еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жүргізіледі және Металлургия саласының перспективалық дамуын ескере отырып, білім алушылардың кәсіптік дағдыларды игеруіне бағдарланған.

Қазақстандағы үлкен металлургиялық шикізат қорларын ескере отырып, еліміздің индустриясын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруде металлургия саласының алар орны ерекше. Сондықтан әрқашанда металлург мамандығы сұранысқа ие - болашақтың мамандығы болып қала береді.

Қ.М.ПОЛАТОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
кафедрасының аға оқытушысы.
Г.Е.КАРАТАЕВА,
кафедрада т.ғ.к., доцент.



микасындағы маңызды кәсіптің өкілдері. Металлург мамандары металлургия өнеркәсібі мен технологияның дамуымен сұранысы жоғары.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті Түркістан облысында әртүрлі өндірістік және ғылыми кәсіп-

дуальды оқыту енгізілді, бұл болашақ жұмыс орнына бағдарлана отырып, бакалавр түлектерінің практикалық дайындығын жақсартуға және жұмыспен қамтылуға мүмкіндік береді.

Кафедрада 2014-2015 оқу жылынан бастап ғылыми-педагогикалық бағыт